

● Өтірік өлең

ЖАРАЙСЫҢ, ТАЗША БАЛА!



«Не шықса да Шымкенттен шығады» дейді алматылықтар мен астаналықтар. Мейлі қызыға айтсың, қызғанып айтсың, әйтеуір Шымкенттің бір құдіреті бар екені рас. «Келді, көрді, жеңді» деп Юлий Цезарьға қатыстырыла айтылатын әңгіме тура біз жайында айтылған сияқты. Неге дейсіз ғой?

Өткен аптаның соңында Елорданың К.Байсейітова атындағы опера және балет театрында республикалық «Тазша бала» байқауы өткен еді. Оған оңтүстіктің атынан М. Әуезов атындағы ОҚМУ-дің 4-курс студенті Айдархан Боранбаев қатысқан еді. Он төрт облыстан келген үміткерлердің арасынан шымкенттік тазша

балаға үшінші нөмірмен өнер көрсету бұйырыпты.

Айдархан сахнаға шыққанда астаналықтардың аузы ашылып, қырық өтірікке қалай иланғанын аңғармай да қалған көрінеді. Белгілі сатирик Көпен Әмірбек бастаған қазылар алқасы бас жүлдені «орақ тілмен» талайды таңдай қақтырған шымкенттік тазша балаға беруге шешім қабылдапты. Астана қаласының тілдерді дамыту басқармасы ұйымдастырған байқаудан бас жүлдемен оралған Айдарханмен телефон арқылы тілдестік.

— **«Өтірік өрге жүзбейді» деген мақал бар. Алайда, Ақорданың түбінде отырып, өтірік айтып-ақ**

бас бәйгені жеңіп алыпсың. Байқаудың шарттары қандай болды?

— Облыстық халық шығармашылығы орталығы байқаудың ережесімен таныстырды. Төрт шарты бар екен. Әсіресе, маған ұнағаны «Мен өзім жас күнімде тышқан бақтым» деген бөлім болды. Онда үміткерлер тазша баланың мамандығы жөнінде айтып беруі керек екен. Мен дәрігер мамандығының бүгінгі жай-күйін монолог ретінде оқыдым. Яғни, демографиялық тұрғыда біраз сөз қозғадым. Халқымыздың санын көбейтуге қатысты айтқан ойларым ұнаған болу керек, көрермен қол соғумен болды. Одан соң «Алдар – ағам, Қожана-сыр – тағам» тақырыбында Астананы сүзеген сөзбен сымбаттауға тиіс едік. Бөлінген үш минуттың ішінде біраз сөздің сойылын соқтық қой деп ойлаймын.

— **Сонда Елорданы қалжың сөзбен қалай мақтадың?**

— Астананың атақ-даңқы 3-4 жылда бүкіл дүние жүзіне жайылғаны соншалық, оған Варшава, Рим, Нью-Йорк сияқты қыздар хат жазып, факс жіберіп, соткамен звондап, тыныштық бермеді. Ал, Астана болса «Жоқ, бұлар мөнің теңім емес. Юпитер, Нептун, Сатурн сияқты жерлердің қыздары сұлу болады. Әрі бұл планеталар мұсылмандар мекендейтін жер екен. Болашақ ұрпақты сонда жіберем» деп армандаған Астана атты жігіт ғылымның ең соңғы жаңалығы «емшіні» ойлап тауыпты. Ол адамдарды ине салып немесе дәрі-дәрмекпен емес, кәдімгі қазақы қалжыңмен, яғни күлкімен ем-

дейді екен. Емшіге Астана Тазшабала деп ат қойыпты, — дегендей мадақ сөздермен келтіруге болады ғой. Тағы бір сөз тіркесінде «Астананың бас жағынан болмаса да жас жағынан үлкен Шымкент деген нағашы ағасы бар. Сол нағашы мен боламын» дедім.

— **Өзге облыстардан келген тазшалардың сөз саптауы қалай болды?**

— Жарыс болған соң біреудің асып, біреудің қалып кетіп жататыны заңды ғой. Дегенмен, өзге облыстан келген үміткерлердің жаттап алғанды сыдыртып оқып тұрғандары байқалды. Қазақы қалжыңды өз дәрежесінде түсінбегендіктен бе, әлде тілдік қордың көдейлігі ме, әйтеуір сөздері сәтсіз шығып жатқандар көп болды. Бұл жерде, оңтүстіктің қазақ тілінің қаймағы бұзылмаған өңір екені тағы бір айғақталды ғой деп ойлаймын. Оның үстіне, менің тәлімгерім режиссура және МТЖ кафедрасының аға оқытушысы, Қанат Төрехановтың да қосқан үлесі көп. «Сахна тілі» тақырыбында тыңдаған лекциялардың бергені мол болды. Жалпы, кәсіби біліктіліктің пайдасы тиді.

— **Астанадан қандай ой түйіп қайттың?**

— Бұл байқау биыл сегізінші рет өткізіліп отыр. Бұрынғы конкурсанттардың айтуынша, ұйымдастыру жағы жылдан - жылға жақсарып келе жатқанға ұқсайды. Оның үстіне бұл — қазақшасы нашар облыстарды қамшылаудың мәдени түрі секілді. Осы байқауда алдыңғы жылдары тазша бала атанған айтыскер ақын Ринат Зайытовтың, қазақша КТК-дан белгілі Тұрсынбектің қазіргі жетістіктерін өздеріңіз білесіздер. Яғни, байқау жастардың көзге түсіп, өнерде өрге шығуына игі ықпал жасауда.

**Сұхбаттасқан
Ақбаны САПАРБАЕВА,
«Оңтүстік Қазақстан».**